

3. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. // Отв. Ред. Д. ю. н., Дулатбеков Н.О. - Караганды: Болашак-Баспа, 2004. – 430 с.
4. Уголовный кодекс РСФСР, 1922. // pravo.by/upload/pdf/krim-pravo/UK_RSFSR_1922_goda.pdf
5. Уголовный кодекс РСФСР, 1922 г.//pravo.by/upload/pdf/krim-pravo/UK_RSFSR_1922_goda.pdf
6. Уголовный кодекс РСФСР, 1926 https://ru.wikisource.org/wiki_05.03.1926
7. Уголовный кодекс Казахской ССР, 1959. <http://adilet.zan.kz/rus/index/docs/dt=1959->
8. Уголовный кодекс Республики Казахстан: Практическое пособие. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2025, - 268 с.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

Есенғалиева Назым Есенғалиқызы- Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
2 курс магистранты

Қылмыстық құқық саласында қылмыстық жауаптылық, оның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы қазіргі құқық саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Кәмелетке толмағандармен жасалынатын қылмыстық құқықбұзушылықтарды қарау кезінде, олардың жауаптылық мәселесін ғана емес, себептерін де қарастыру қажет. Себебі мемлекет кәмелетке толмағандарды өзінің болашағы ретінде қарастырып, барлық жағдайларды жасауда. Ал кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстылықтың көбеюі мемлекетті алаңдатпай қоймайды.

Жасөспірімдік шақ - қайнаған күш-қуаттың, белсенділіктің жасы: бастамашылықты қажет ететін жас. Бұл кезеңдегі елеулі даму күшті ерік-жігерлі мінез-құлық қасиеттерімен - табандылықпен, мақсатқа жетудегі ынтамен көрінеді.

Мемлекеттің маңызды міндеті - кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың арасында қылмыстық құқықбұзушылықты азайту. Дегенмен, қоғамда жалпы қылмыстылықтың ішінде кәмелетке толмағандармен жасалынатын қылмыстардың саны азаяр емес. Бұл қоғамды алаңдатарлық мәселе. Жасалынған қылмыстық құқықбұзушылыққа қолданылатын қылмыстық жазаның бар екені белгілі. Дегенмен, қылмыстық жазаны кәмелетке толмағандарға қолдануда әлі де ойланарлық мәселелердің бары сөзсіз. Оларға тағайындалатын жаза оларды қаншалықты түземек және қайта әлеуметтік қалпына келтіріп, қоғамға бейімделу мүмкіншілігі қанлай секілді сұрақтарды туындатады. Себебі кәмелетке толмағандарды қоғамның әлсіз тұсы ретінде қарастырсақ, оларды дұрыс жолға салу, қайта қоғамда бейімделіп кете алу мүмкіндіктерінде қарастырғанымыз жөн деп санаймын.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын жазаның тиімділігі мен әділдігінде. Кәмелетке толмағандар - заңның әрекетке қабілеттіліктің басталуымен байланыстыратын жасына жетпеген адам, яғни он сегіз жасқа жетпеген. Сонымен қатар, БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері») сәйкес, кәмелетке толмаған бала немесе бозбала дегеніміз құқық бұзушылыққа жауапкершілікке тартылу түрі ересек адам тартылатын жауапкершілік түрінен ерекшеленетін тұлға саналады. Кәмелетке толмаған құқық бұзушы дегеніміз құқық бұзған күдікті бала және бозбала немесе құқық бұзғаны анықталған бала және бозбала [1].

Қылмыстық жазаны қолдану кезінде қылмыстармен күресте қолданылатын әділдік, заңдылық, теңдік, объективтілік, гуманизмге секілді қағидаларға негізделеді. Ал кәмелетке толмағандарға қатысты қолданғанда тереңірек қарау қажет. Яғни, кәмелетке толмағандарға қолданатын жаза түрі кәмелетке толмағанды қайта дұрыстау, қайта қылмыс жасау мүмкіндігінің алдын-алу секілді қағидаларға назар беру керек. Бұның өзі кәмелетке толмағанның жас, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін негізге алғанда жүзеге асырылады. Себебі, кәмелетке толмаған адам - әлі де толық қалыптаспаған, өз әрекетіне толық жауап бере алмауы мүмкін. Оның қылмыс жасауына себеп болуы мүмкін психологиялық және әлеуметтік мәселелерді де қарастырған жөн. Көп жағдайда, практикаға сүйенсек, кәмелетке толмағандардың үлкен бөлігі қылмысқа ақша қаражатын табу мақсатында барады. Бір жағынан біз оларды бұндай себеппен ақтай алмаймыз. Бірақ бұнда әлеуметтік жағдайдың төмендігімен көзге түседі.

Қазіргі таңда қылмыстық құқықбұзушылықтардың көбеюіне тағы да бір үлкен себептің бірі - ғаламтордың дамуы. Жасөспірімдердің өзінің үйіндегі ата-анасының не мектептегі оқытушыларының сөзін емес, ғаламтордың лебімен кетіп жатқанын көріп жатамыз. Дегенмен, қоғамда жастардың ғаламтор арқылы өздері түсінбей қылмыстық құқықбұзушылық жасауына әкеліп соғатынын сезбеулері де мүмкін. Оның ішінде қазіргі қоғамда кеңінен тарап, тамырын жайған алаяқтық, есірткіні таратумен байланысты қылмыстарды айтуға болады. Практикаға сүйенсек, жастар арасында интернет алаяқтық, деректерді ұрлау, вирустарды тарату мен кибершабуылдар жасау және заңсыз контент жасау қазіргі таңда қарқынды жалғасуда.

Оның ішінде дропперді айтуға болады, жалпы дроппер дегеніміз – бұл алаяқтар ұрлаған ақшаны өзінің банк картасы арқылы өткізетін адам. 2025 жылдың 16 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне 232-1 бап енгізілді, онда дропперлік әрекеттер қылмыс ретінде қарастырылған [2]. Яғни, бұндай қылмыстық бұзушылыққа заңмен жаза қарастырылғанын көреміз. Ғаламтор желілерінің дамуы өз кезегінде заңға да өзгерістер енгізуді талап ететін көріп отырмыз. Жастардың дропперлікке тартылуы – қоғамның күрделі әлеуметтік және құқықтық мәселесі. Дропперлікпен айналысу жастарға қолжетімді болуы, онай ақшаның көзі ретінде қарастыруы да осыған дәлел. Цифрлық сауаттылық пен құқықтық білім - бұл мәселенің шешілуіне септігін тигізетін шаралар болып табылады.

Мысалға айтатын болсақ, А кәмелетке толмаған азамат өзінің банктік картасын жеңіл жолмен ақша табу мақсатында белгісіз азаматқа береді, яғни оны беру жолдары міндетті түрде көзбе-көз кездесуді қажет етпейді. Оның барлығын А азамат өзінің үйінде отырып жасайды. Кейін оның банктік сәтін арқылы бірнеше ақша қаражаттары бір сәттен екіншіге өтеді. Ол өз кезегінде осы үшін белгілі бір пайда табады. Кейін оның банктік сәтін бұғаттап, полиция қызметкерлері тергеу үшін жауапқа шақырады. Осылайша, ол заң алдында жауапқа тартылатының түсінеді.

Осындай мәселелердің бірі болып, жастардың «Телеграм» мессенджері арқылы есірткі қылмыстарын таратумен айналысуын айтуға болады. Яғни, телеграм қосымшасын пайдалану арқылы жастар тез және онай жеткізуші-курьер ретінде жұмысқа тұрып жатыр. Оның ішінде, кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің болуы қоғамның қасіретіне айналып отыр. Құқықтық сауаттылықтың болмауы не отбасылық жағдайда араласпаушылық па, оның себебі сан түрлі. Дегенмен, бұл жауапкершіліктен босаудың себебі емес.

Мысалға, 10.01.2025 жылы Б есімді кәмелетке толмаған азамат өзінің тұрғылықты мекен-жайында бола тұра, өзінің Айфон 13 маркалы ұялы телефонын қолдану арқылы, жұмыс іздеуді бастайды. Содан кейін ғаламтор желісінде курьер қызметіне жұмысшы қажет екендігін, аз уақытта қомақты ақша табуға болатының көріп, қызуғушылық танытады. Әрі қарай, Телеграмм мессенджеріне тіркеліп, бот арқылы сілтемеден өтеді. Кейін белгісіз тұлғамен жұмыс жайында келісіп, өзінің жеке басын растайтын құжатты және 30 000 теңге көлемінде алғашқы жарнаны төлейді. Кейін тәжірибеден өткен соң, кәмелетке толмаған Б куратор жіберген координаталарды алып, белгіленген мекен-жайға барады. Содан кейін белгіленген мекен-жайдан полимерлі пакетке оралған психотропты затты алып кетеді. Кейін оны куратордың айтуымен, бірнеше жерге закладка жасайды. Закладка жасау барысында оны полиция қызметкерлері ұстап алады. Осылайша, кәмелетке толмаған Б Қылмыстық Кодекстің 297 бабы 3 бөлігі 1,3 тармақшасы бойынша қылмыстылық жауапқа тартылды.

Кәмелетке толмаған азамат өзінің қылмыстық құқықбұзушылықпен айналысып жатқанын саналы түрде түсінді, дегенмен қоғам болып осындай жасөспірімдердің болашағын сақтап алудың жолын табу қажетпіз. Телеграм желісі арқылы кураторлардың нақты мәліметін, олардың қай жерде екенін біле алмаймыз. Мүмкін ол адамдар шет елде болуы мүмкін. Бірақ олар цифрландыру жүйесін қолдану арқылы, орындарын ауыстырмай ақ өздерінің мақсаттарына жетіп жатыр.

Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдесіндегі Қылмыстық Кодексіне сай, кәмелетке толмағандар да қылмыс субъектісі бола алатынын көрсетеді. Әрине, оның өзіндік ерекшеліктерін де атап өтетін боламын. Қылмыс субъектісі ретінде тану үшін кез келген жеке тұлға, оның ішінде есі дұрыс, қылмыс субъектісінің заңмен белгіленген жасына, яғни он алты жасқа жетуі қажет болып табылады. Бірақ кейбір қылмыстар үшін жауаптылық жасы он төртке толғаны жеткілікті болып табылады.

Жаза тағайындаудың жалпы негіздерімен сай әділеттік қағидасын қатаң түрде сақтауы керек. Әділеттік қағидасы болып - жаза жасалған қылмыстылықтың ауырлығын сәйкес келетін, жасалу мән-жайлары мен кінәлінің жеке басы белгілерін толық ескере отырып жүзеге асырылуы.

Л.И.Беляевамен кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының мақсаты нақты тұжырымдалған. Яғни, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының мақсаты жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, конфликтіні жою, құқықтық тәртіпті қалпына келтіру, қылмыс жасаған кәмелетке толмағанның құқықтарын сақтау және қорғауды қамтамасыз ету, кепілдік беру және қайта тәрбиелеу болып табылады [3;8].

Қылмыстық Кодексте тек кәмелетке толмағандарға қолданылатын жазалардың нақты түрлері қарастырылмаған. Бірақ жалпы бөлімде көзделген жазалардың барлығы кәмелетке толмағандарға қолданылмайды. Кәмелет жасқа толмаған тұлғаның әлеуметтік мәртебесін есепке ала отырып, заң шығарушы оларға көп жағдайда тәрбиелік ықпал етуге бағытталған қылмыстық жазаның біршама жеңіл түрін қарастырған [4;311].

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау кезінде бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін де, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы үшін де, сондай-ақ үкімдер жиынтығы кезінде бас бостандығынан айырудың мерзімі он жылдан аспауы қажет. Кәмелетке толмағандарға көрсетілген мерзімнен артық мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тек ауырлататын мән-жайлар кезінде жасалған адам өлтіргені үшін немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезіндегі адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда қылмыстар жиынтығы мен үкімдер жиынтығы бойынша тағайындалған бас бостандығынан айырудың мерзімі он екі жылдан аспауы қажет.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, бос бостандығынан айырумен байланысты емес балама жазаларды қолданудың тиімділігін айтады және гуманизм тұрғысынан бас бостандығынан айырумен байланысты жазалардың адамға кері әсері мен оның жағымсыз салдары, қылмыскерді оқшаулау арқылы оған қоғамға пайдалы дағдыларды үйрете алмайтынында және психологиялық, физикалық тұрғыдағы салдарлар, сонымен бірге жазасын өтегеннен кейінгі қоғамға биімделе алмау сияқты жайттарды ескереді.

Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау кезінде өзекті мәселенің бірі оған жазаны немесе тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдануда. Яғни, кәмелетке толмағанға бас бостандығын шектеу немесе айырудан бөлек оны қоғамнан алшақтатпайтындай жаза қолдану. Себебі кәмелетке толмаған адам қылмыстық құқықбұзушылық жасағаннан кейінде алатын психологиялық жағдайын ескерсек, оны жаза тағайындау арқылы қоғамнан алшақтату қаншалықты дұрыс?

Соңғы онжылдықтарда халықаралық қауымдастықтар ювеналды әділеттікті гуманизациялау мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғауға бағытталған бірқатар нормалар мен стандарттарды қабылдады.

Бұл құжаттардың қатарына БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы мен Бейжің ережелерін айтуға болады. Олар өз кезегінде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық жауаптылықтың ең төменгі жасын белгілеудің, жазаның бас бостандығынан айыру түрінде қолдануды шектеуді және оңалту шараларына басымдық берудің маңыздылығын айқындады.

Кәмелетке толмаған қылмыстық құқық бұзушыларды жауаптылыққа тартудың негіздері мен тәртібін анықтайтын құқықтық негіз мемлекеттің қылмыстық заңы болып табылады.

Бұл мәселеге байланысты БҰҰ бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарға қатысты Ережелерінде «Сот төрелігінің жүйесі кәмелетке толмағандардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауы тиіс және олардың физикалық және ой-саналық ахуалының қалыпты болуын қамтамасыз етуі керек. Түрмеге қамау тек төтенше шара ретінде қолданылуы керек. Кәмелетке толмағандардың бас бостандығынан айырылу тәртібі осы Ережелерде бекітілген принциптер мен тәртіптердің аясында және Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін орындаудың Стандартты минималды Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы керек. Кәмелетке толмағандарды бас бостандығынан айыру төтенше ықпалшара ретінде аз мерзім ішінде орындалуы керек. Бұл шара аса ауыр құқық бұзушылық түрі үшін сот органының шығарған үкімін орындау мақсатында ғана сәйкес шарттар мен жағдайларды тиісінше ескеру жолымен орындалуы тиіс.» -деп айтылған [5].

Кәмелетке толмағанның әлеуметтік, психологиялық сипаттамасы мен қылмыс сипатына назар аударып отырып, кәмелетке толмағанның түзелуіне әсер ету мен жаңа қылмыстардың алдын-алуға байланысты сот оған қатысты мәжбүрлеу шараларының кез-келген түрін таңдауға құқылы. Осылайша, тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде сот төрелігі, гуманизм, қылмыстық жазалауды азайту секілді қағидаларды орындауға қол жеткіземіз. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу

шаралары кәмелетке толмағандарға жаза қолданбай –ақ түзелуге мүмкіншілік берумен, яғни жазадан бостатудың негізі болуы мүмкін. Бұл негіз тек осы санатқа жататын ерекшелік болып табылады.

Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қылмыстық жазадан ерекшелінеді, қылмыстық қудалаудың баламасы ретінде әрекет етеді және қылмыстық заңның бұзылуына мемлекеттің жауабы ретінде қарастырылады. Жалпы бұл шаралардың негізгі мазмұны тәрбиелік сипатта. Осы шаралар өз кезегінде кәмелетке толмағандарға сендіру арқылы әсер ету, оның әрекетіне баға беру, қоғамға қауіпті әрекетке жол беруге болмайтындығының оның ой-санасына жеткізу арқылы іске асады және оларды түзеу мақсатына жасөпірімді қылмыстық жауаптылыққа не жазаға тартпай жүзеге асырады. Тәрбиелік ықпал ету шараларының мәжбүрлеу сипаты кәмелетке толмағандарға олардың еркіне не ата-анасының, заңды өкілдерінің еркіне қарамастан тағайындалуымен көрініс береді. Сот тағайындайтын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болғанымен, олар соттылық жүктемейді және жаза ретінде қарастырылмайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 15 бабы 3 бөлігінде, егер кәмелетке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген жасқа толған болса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаса не оларға ие бола алмаса, ол қылмыстық жауаптылыққа жатпайды,- деп көрсетілген [2]. Осы бөлігіне «психикасының бұзылуына байланысты психикалық дамуы жағынан артта қалуы» деген қосымша толықтыру қажет секілді. Бұл ұсыныс қоғамға қауіп іс-әрекет жасаған, бірақ психикалық дамуының артта қалуының салдарынан өзінің жасаған іс-әрекетіне толық жауап бере алмай және оның салдарынан туындайтын қауіптілікті толық дәрежеде түсіне алмаған кәмелетке толмағандарды қорғауға бағытталған. Кәмелетке толмағандардың психикалық дамуының артта қалуы олардың өзіне байланысты емес.

Айтып өткендей, жасалынып жатқан қылмыстық құқықбұзушылықтармен күресуіміз қажет, оны жазасыз да қалдыруға болмайды. Әділеттік қағидасы сол арқылы жүзеге асады. Бірақ кәмелетке толмағандарда жазаны тағайындау түзеу мен қайта тәрбиелеудің нышаны болу қажет. Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандар түзеу камераларынан шыққаннан кейінгі түзелуі мүмкінбе, дұрыс жолға түсу мүмкіндігі қандай екенін қарастырған дұрыс. Әрбір жағдайға байланысты, кәмелетке толмағандарға қатысты жазаны тағайындау кезінде, оны таңдауы бойынша соттың алатын орны ерекше. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресуде жазаны күшейтумен ғана шектелмеу керек.

Қорытындылай келе «балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын. Біздің топырағымызда туған кез келген сәби – қазақстандық. Және мемлекет оны қамқорлығына алуға тиіс» [8] -деген елбасының сөзін негізге алғым келеді.

Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза - тек қана құқықтық мәселе ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік мәселе. Сондықтан кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау мәселесімен қатар, оның алдын алуға қатысты шараларды орындау керек. Менің ойымша, кәмелетке толмағандармен мектеп пен колледж кезеңдерінде жұмыс жасау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында білім беруде қосымша бағдармаларлар енгізу қажет. Сонымен қатар олармен жұмыс жасайтын психологтар мен мамандар, әлеуметтік қызметкерлердің жеке институтын құру. Сондай-ақ кәмелетке толмағандар жазасын өтеп шыққан кейін сол уақытта кәмелетке толған азаматтар болып шығады. Оларға қоғамға бейімделуге, жұмыс табуға, білімін жалғастыруға көмектесетін ұйымдарды құру қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде белгіленген, 81-89 баптарын жетілдіру маңызды болып табылады. Оның ішінде нақты жаза түрлерін анықтау қажеттігін айта аламын. Жазаның орнына тәрбиелік ықпалы мәжбүрлеу шараларын басымырақ қолдануды практикаға енгізу қажет.

Кәмелетке толмағандар үшін жауапкершілік әркезде бірінші орында отбасында болады. Кейде кәмелетке толмағанда болатын проблемалардың басы сол отбасынан шығатын жағдайлар өте көп. Сол себепті отбасы өзінің қарауындағы баланың өмірі мен қауіпсіздігіне көңіл бөліп, араласатын ортасымен танысып, жақсы өмір сүруіне жағдай жасап, дұрыс бағытта тәрбиелеу қажет. Бала өзінің балашық шағын бала ретінде өткізу керек. Ол қай жерден қалай ақша табамын деген сұраққа берілмеу керек. Отбасы ішінде ата-ана баланың өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасап, қамтамасыз етуге міндетті. Баланың

санасына материалдық және рухани құндылықтарды теңдеу сіңіру маңызды. Өзінің өмірінің құнын түсінетін бала ешқашан теріс қылыққа бармайды. Жеңіл ақшаның буына байланудан алып қалатын оның ата-анасы. Қажетті уақытта, қажетті жерде балаға көңіл бөлудің арқасында олардың болашағын сақтап қала аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері») БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштама [Электронды ресурс]. - Алу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O8500000002>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ.
3. Беляева Л.И. К вопросу об уголовной ответственности несовершеннолетних // Российский следователь. 2014. №1. 13 с
4. Дулатбеков Н. О. Ювенология : учебник / ред.. - Алматы : Жеті жарғы, 2008. - 423 б.
5. Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарға қатысты Ережелері БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жыл 14 желтоқсандағы 45/113 Қарары [Электронды ресурс]. - Алу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9000000005>
6. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. [Электронды ресурс].- Алу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процесстік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ.
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №234-V ҚРЗ.

МЕРЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ ЧЛЕНАМИ НЕТРАДИЦИОННЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Ешмаханов Нурлан
магистрант, Карагандинский национальный исследовательский университет
имени академика Е.А.Букетова

Научный руководитель: Бачурин С.Н. профессор кафедры уголовного права, процесса и криминалистики, к.ю.н, ассоциированный профессор

Религиозная сфера Казахстана традиционно отличается культурным многообразием и сосуществованием различных конфессий, однако с начала 1990-х годов в стране стали появляться новые религиозные движения, отличающиеся закрытой структурой, неустоявшейся доктриной, интенсивной миссионерской деятельностью и зачастую высокой степенью психологического воздействия на участников [1]. Среди таких организаций встречаются группы, которые могут создавать риски криминогенного характера, способствовать экономическим преступлениям, нарушать права граждан или формировать экстремистские тенденции. Эти обстоятельства обуславливают необходимость разработки и совершенствования государственной системы предупреждения преступлений, совершаемых членами нетрадиционных религиозных объединений. Цель данного исследования заключается в анализе действующей нормативной базы, практики профилактики, выявлении её проблем и предложении направлений совершенствования.

Термин «нетрадиционная религиозная организация» в казахстанской научной литературе используется для обозначения религиозных объединений, которые не относятся к исторически укоренившимся конфессиям и характеризуются закрытостью, жесткой внутренней иерархией, активной вербовочной деятельностью, использованием методов психологического давления и возможностью эксплуатации участников [2]. Некоторые такие признаки коррелируют с повышенной вероятностью противоправного поведения, включая мошенничество, незаконное предпринимательство, отмывание